

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 835 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-бап) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы қаулыға 1-қосымшада аталған мемлекеттік органдар лицензия беруде жекелеген аймақтарда белгілі бір қызметтер мен тауарлар өндірушілерінің монополиялық жағдайына жол бермей және өндірістік қуаттардың орынсыз ыдыратылуын шектей отырып, республикалық нарықтың қалыптасуына белсенді ы қ п а л ж а с а й т ы н б о л с ы н " .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда аталған қаулысына сәйкес қоғамдық тамақтандыру пункттерінің қызметі, май құю стансаларын ұстау мен пайдалану, лотереялар (мемлекеттерден басқасы), тотализаторлар мен казинолар ұйымдастыру мен өткізу қызметтің лицензиялауға жататын түрлері болып табылатындығы назарға алынсын.

3. Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.08.13. N 1007 қаулысымен. P961007\_

4. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті арақ-шарап өнімдері мен спирт шығаруға берілген лицензияларға түгендеу жүргізісін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК